



Автор: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА

Пән: Биология

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Тірі ағзаларды жүйелеу

Тақырып: Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.3 - омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттау
Тілдік мақсаттар:	Омыртқалы және омыртқасыздар, мантия, бітин, ішкі қаңқа, бассүйектілер.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.
Бағалау критерийлері:	Тақырыптың маңызын түсіндіреді. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Бастапқы білім:	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Безделі 1a24779.png type unknown Безделі 1661f93.png type unknown	Дәлелдер мен айғақтар жинайды. Ортаға шығып айтып береді. Оқулықтағы мәтінді оқып алады. Суреттер.
Сабақтың ортасы	Қолдану ТВ шоу (Теледидарға арналған бағдарлама дайындайды. Әр топ бірлесе отырып сұраққа айғақтар мен дәлелдер табады. Жиналған мәліметтерді білетін бір оқушы ортаға шығып, журналист сұрақтарына жауап береді.) Ұлулар типіне денесінде міндетті түрде арнайы тері қаптары – мантиясы (шапанша) бар жануарлар жатады. Мантиядан көбінесе бақалшық (раковина) түзіледі. Бұлар – ұлулар, устрицалар, сегізаяқтар, теңіз құрттары. Буынаяқтылар типі сыртқы қаңқасы қатты зат – хитиннен тұратын жануарлар жатады. Бұл типтің барлық өкілдерінің денесі мөлшері әртүрлі буылтықтарға – сегменттерге бөлінеді. Аяқтары да буын арқылы байланысқан бөліктерден тұрады, сол үшін осылай аталған. Оларға шаянтәрізділер, өрмекшітәрізділер мен жәндіктер жатады. Омыртқалылардың белгілері. Басты белгісі ішкі қаңқасы болып табылады. Ол сүйекті немесе шеміршекті болуы мүмкін. Бастысы омыртқалыларда ол үнемі денесінің бойымен ось – омыртқа жотасы немесе желі (хорда) түрінде созылып жатады. Омыртқалылардың негізгі кластары. Омыртқа жотасы немесе желісі (хорда) бар барлық жануарлар желілілер типінің өкілдері, тип тармағы: бассүйектілер (омыртқалылар). Омыртқалылар тип тармағына: сүйекті балықтар, шеміршекті балықтар, қосмекенділер, құстар мен сүтқоректілер кіреді. Бұл жануарлардың барлығында омыртқа жотасы мен бассүйек болады. Талдау Ортақ тапсырма: «Стоп-кадр» әдісі (Суреттер беріледі. Оқушылар суреттерді сөйлетеді.) 1. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тіршілік ортасын анықтаңдар. Бұл оларды омыртқасыздар және омыртқалылар деп бөлуге әсер етті ме? 2. Өздеріңе белгілі жануарларды омыртқасыздарға және омыртқалыларға бөліңдер.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Синтез 1. Кестені толтырып,салыстырыңдар. Омыртқасыздар Омыртқалылар Тип Белгі Тип тармағы Белгі Қарапайымдар Қабықтылар Губкалар Басжелілілер Ішекқуыстылар Бассүйектілер (омыртқалылар) Жалпақ құрттар Класс Өкілі Жұмыр құрттар Балықтар Буылтық құрттар Қосмекенділер Ұлулар Жорғалаушылар Буынаяқтылар Құстар Сүтқоректілер	
Рефлексия	Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл. Ж.Б. Ламарктің омыртқасыздар мен омыртқалыларды жүйелеудегі рөліне баға беріңдер. Оқушының аты-жөні ТВ шоу «Стоп-кадр» әдісі Кластер Топтық жұмыстарды қорғау Балл Рефлексия «Бір ауыз сөз» Оқушылар стикерге сабақ туралы бір ауыз сөз жазып, оны тақтаға жапсырады.Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздерді жазуға болады. (Ұнады,қажет,пайдалы, білдім, үйрендім,қызықты, ұмтылдым,есте сақтадым)	